

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

январь Жексенбі

шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Председатели жолдасқа

поездар егін жыйнау-
п, астық дайындау-
Сізге хабарлаймыз.
роцент, совхоздар
ыстары үшін заттай

бидайдың азықтық
шыларының, ауыл
машина-трактор
байндармен және
социалистік ауыл
елей Сіздің көрсет-
бұрынғыдан да да-
н жақсартта беруге

МАРЕНКО.

ағы

ауылшаруашылық
ларының партия
рған жұмыстар бұ-
басшылық жасау-
ердің авангардтық
табылады. Аудан-
рі және бастауын

Өндіріс қарқынына қарқын
қосайық!

График мүлтіксіз орындалуда

1952 жылдың алғашқы күндерін Пет-
ропавл жол бөлімшесінің теміржолшыла-
ры поездардың жол жүру графигін 100
процент орындаумен атап өтуде. Бөлімше
бойынша кезекті М. Родина жолдастың
сменасы жолшылардың, паровозшылар
мен вагоншылардың комплексті жарысы
негізінде поезд және жүк тасу жұмыста-
рында жақсы көрсеткіштерге жетісіп ке-
леді.

Родина жолдастың сменасы алғашқы
екі күн бойына бөлімше бойынша бар-
лық поездарды расписаниені қатаң сақ-
таумен, жүк тиеу және жүк түсіру жө-
ніндегі тапсырмаларды мүлтіксіз орын-
даумен жөнелтті. Диспетчерлер Ушаков
және Лободрыга жолдастардың сменалары
көпшілік маршруттардың «Қызыл стре-
ла» жылдамдығымен, социалистік жолда-
малармен өткізілуін қамтамасыз етті.

Январьдың алғашқы екі күні ішінде
50-ден аса поезд жоғары жылдамдықтар-
да өткізілді, далалық станцияларда қо-
сымша су алмастан бірнеше ондаған са-
парлар жасалды. Бұл жөнінде Прытков,
Рыбалко, Манюгин, Гончаров жолдастар
сыяқты озат машинистердің ауыр сал-
мақты составтарды техникалық жылдам

Мал шаруашылығының ісін бүкіл партия, біздің
барлық қызметкерлер, партияда бары да, жоғы да түгел
жұмылып өз қолына алулары керек, күні кеше нәтиже-
лі болып шешілген астық мәселесі қандай ең бірінші
кезектегі мәселе болған болса, кәзір мал шаруашылығы
мәселесі де сондай бірінші кезектегі мәселе екенін естен
шығармаулары керек.

И. СТАЛИН.

Мал шаруашылығы

Фермалардағы жұмысты механикаландыруға көңіл бөлінбей отыр

Социалистік мал шаруашылығын бар-
ған сайын өркендете беруге және бұл
салада күрделі табыстарға жетуде мал
фермаларындағы еңбекті көп керек ете-
тін жұмыстарды механикаландырудың
маңызы ерекше зор.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп
керек ететін жұмыстарды механикала-
ндырған колхоздар Булаев ауданында да
бар. Алайда, ауданды тұтас алғанда іс-
тің жайы нашар болып отыр.

Мысалға Коминтерн атындағы колхоз-
ды алайық. Бұл — іріленген колхоз. Ол
мал шаруашылығы жөнінен алдыңғы қа-
тарлы колхоздардың бірі. Ал, бұл кол-
хозда мал шаруашылығындағы еңбекті
көп керек ететін жұмыстарды механика-
ландыру ісі өте мөте нашар. Колхоз
басшылары бұл іспен мүлдем шұғылдан-
байды. Егер колхозда бұл жұмыс ойда-
ғыдай шешілсе, яғни мал фермаларында-
ғы күрделі жұмыстар механикаландырыл-
са, колхозда мал шаруашылығын жедел
қарқынмен өркендетуге, одан көп өнім
алуда әбден болар еді. Бірақ, іс жүзінде

ететін жұмыстардың осы уақытқа дейін
механикаландырылмауына колхоз басшы-
лары тікелей жауапты.

Мәселен, колхоз өткен жылы сыйыр
сауатын электр аппарат сатып алған еді.
Бірақ, бұл аппарат күні бүгінге дейін
жұмысқа қосылмай келеді. Бұл жағдай
колхозда сыйырдан сүттің аз сауылуы-
на, сүт дайындау жоспарының ойдағы-
дай орындалмауына әкеліп соқты. Мұн-
да өткен жылы әрбір сауын сыйырдан
1850 литр сүт алу орнына, әрбір сыйыр-
дан 1260 литрден ғана сүт сауылды.
Сауын сыйырлардың электр күшімен
сауылмауы сүттің расуа болуына да әке-
ліп соқты. Кәзір колхозда 25 әйел сы-
йыр сауып жүр. Егер колхоздағы сыйыр
сауатын электр аппараты іске қосылса,
сыйыр саууда мұнша көп адам жұмыс
істемей, олардың көпшілігі басқа жұмыс-
тар атқарар еді.

Сол сыяқты, бұл колхозда мал азы-
ғын жұмсартатын, азық уақтайтын және
сабан турайттын машиналар да бар.
Алайда, бұлар жұмысқа қосылмаған

буландыратын, уақтайтын және турайт-
тын машиналар пайдаға аспай келеді.

Мал шаруашылығындағы еңбекті көп
керек ететін жұмыстарды механикала-
ндыру ісінің мұншалықты баяу жүргізілуі-
не колхоз басшыларымен бірге, аудан бас-
шылары да жауапты. Олар колхоз бас-
шыларынан, ферма меңгерушілерінен мал
фермаларындағы еңбекті көп керек ете-
тін жұмыстарды механикаландыру ісін
мінсіз және тездікпен жүзеге асыруды
талап етпейді, бұл жөнінде оларға «нақ-
тылы нұсқаулар, кеңестер бермейді. Ту-
расын айту керек, олардың өздері бұл
мәселеге жеткілікті назар аудармайды.
Мәселен, аудандық ауылшаруашылық жаб-
дықтау бөлімінде 5 сабан турағыш, 2
дән уатқыш және 2 шөп буландырғыш
колхоздарға бөлініп берілмей, қоймалар-
да жатыр. Ал, колхоздардың көпшілігі
бұл машиналарға өте мұқтаж. Бірақ, ау-
дан басшылары күні бүгінге дейін бұл
машиналарды колхоздарға бөліп, жұмыс-
қа қосуды мүлдем ойламай отыр.

Мал шаруашылығындағы күрделі та-

Олардың өзі партия ұйымы құрған екі топқа бөлінген.

Бұл колхоздағы партия топтары мақсатын шаруашылығын үкметіміз бен партиямыздың қойған талаптарына сай өркендету мақсатында жыл бойына өзінің игі міндеттерін қалтқысыз жүзеге асырып келеді. Олар мал өсірушілердің социалистік жарысының нәтижелі болуы үшін күрес жүргізеді, фермада саяси-көпшілік жұмыстарын жолға қойған. Коммунистер Сәрсенбаев, Аяғанова, Уәлиев және басқалары өздерінің еңбектегі үлгісімен, большевиктік жалынды сөздерімен колхоз мал өсірушілерін алда тұрған міндеттерді істі жете білумен шешуге, қоғамдық маддидің өнімділігін арттыра түсу күресіне жұмылдыруда.

Бұл партия тобының ерекшелігі сонда, — ол мал шаруашылығын өркендету күресіне қайткен күнде колхозшылардың басым көпшілігін қамтуға тырысады, артта қалғандарды алдыңғы қатарлылармен теңдестіру үшін күреседі. Сондықтан да аталған колхоздың мал өсірушілері жазды күндері жеткілікті мөлшерде берік жемшөп қорын жасап, кәзір мал қыстатуды ойдағыдай жүргізіп жатыр. Колхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспары барлық түліктен орындалған.

Жалғыз бұл емес, Преснов ауданының «Путь к социализму», «Новый свет», Молотов атындағы ауылшаруашылық артельдерінде де партия топтары өздерінің ұйымдастырушылық және жетекшілік ролдерін тыңғылықты атқару нәтижесінде колхоз мал өсірушілерінің жақсы көрсеткіштерге жетуіне көмектесіп келеді.

Бұдан біз партия топтарының жұмысы шаруашылық міндеттермен ұштастырыла жүргізілетіндігін, оларға бастауыш партия ұйымы тікелей басшылық жасап, көмектесіп отыратындығын, колхоз мал өсірушілері арасында партия-саяси жұмыстар ойдағыдай жүргізілетіндігін көреміз.

мен, яғни жұмыстарға байланысты, Яғни БК(б)П мүшелері мен кандидаттары арасында большевиктік тәрбие ісін күшейту қажет. Коммунистердің авангардтық ролі туралы сөз қылғанда, олардың іс тағдыры шешілетін жерлерге — колхоз өндірісінің шешуші участоктеріне тағайындауына ерекше көңіл бөлген жөн.

Мал фермаларындағы партия топтары мал өсірушілер арасында партия-саяси жұмыстарын жүргізу, маусымды науқандарды ойдағыдай аяқтау сыяқты міндеттерді мұлтқисіз жүзеге асырумен шұғылдана отырып, мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін процестерді механикалаңдыру, озат тәжірибелерді кеңінен қолдану жұмыстарының да нәтижелі жүргізілуіне баса көңіл бөлулері керек.

Партия топтары бастауыш партия ұйымдарының басшылығына сүйене отырып жұмыс істейді. Бірақ, бұдан бастауыш ұйымының жоспарлаған мәселелерін орындаумен ғана тынуға болады деген ұғым тұмайды. Қайта, партия топтарының жетекшілері мал фермаларындағы жұмыстарға байланысты туатын түйінді мәселелерді партия ұйымының талқылауына ұсынып, оның ойдағыдай шешілуін қамтамасыз ететін шараларды белгілеу жөнінде ақылдасып отыруға тиіс. Колхоз партия ұйымдары фермаларда партия топтарын құру арқылы мал шаруашылығына өзінің басшылығын күшейтеді, мал өсірушілер арасындағы партия-саяси жұмыстардың дәрежесін жоғары көтереді.

Аудандық партия комитеттері партия топтарына басшылықты мейлінше жақсартуға, олардың тәжірибелерін жиынақтауға, партия топтары жетекшілерін қамқорлықпен өсіруге және тәрбиелеуге, сөйтіп, колхоздардағы бастауыш партия ұйымдары жұмысының дәрежесін жоғары көтеріп отыруға міндетті. Сонда ғана партия ұйымдары колхозды ауыл-деревня алдында тұрған аса маңызды шаруашылық міндеттердің ойдағыдай шешілуіне жете алады.

Халықшаруашылығындық жүктер тасыды. И. ҚУАТОВ.

ғылымының жаңа табыстарын өздерінің жұмыс тәжірибелерімен шебер ұштастыра дәулетін үздіксіз

Облысымызда

Жеміс бақшалары

Солтүстік Қазақстан — қатан табиғатты өлке. Шаруалар ғасырлар бойына табиғаттан рақым күтіп өмір сүрді. Тек колхоздар ұйымдастырылғаннан кейін ғана табиғатты қайта өзгертуші Мичуриннің тәжірибесін меңгеру нәтижесінде облысымызда бақша шаруашылығымен шұғылдану қолға алынды.

Колхоздар бақша шаруашылығынан жыл сайын көп табыс табуда. Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың өзі ғана екі жыл ішінде бау-бақша

шаруашылығынан тапты.

Колхоз өндірісі бақша шаруашылықпен де түсіп отырады. 45 колхозында бақша гектарға жуық жерге облыс бақшашылар да қысқы агротехникаға зеге асыруда. Бау-бақшаға көң тасып, ұстау шаралары қар тоқтату жұмыстарын

Оқушылардың шаңғы жарысы

Қала оқушылары «Пионерская правда» газетінің бәйгесіне сырттан өткізілетін шаңғы жарысына белсене дайындалды. Ережеге сәйкес, бұл жарыстарға оқуда бірде-бір төмен баға алмаған пионерлер мен оқушылар қатыстырылады.

№ 4 қыз балалар орта мектебінде 2 январьдан бастап «Пионерская правда» газетінің бәйгесіне шаңғы жарысы өткізіле бастады. VII-класстың оқушысы Сафанеева Валентина, Васильева Валя,

Мещерякова және Мещерякованың шаңғы жарысқа қатысқан кіншітерге ие болды. Фарафонованың болса, Васильеваның жерден 12 минут

Бұл мектептен 262 оқушы шаңғы жарысына қатысты.

Жаңа радио торабы

Ленин ауданындағы Петровка селосында жаңа радиоторабының құрылысы аяқталып, ол пайдалануға берілді. Колхоз бақшашысы 60 жастағы Григорий Иванович Мицуковтың, колхозшы Татьяна Пономареваның үйінде радио ойнай бастады.

Радиоторабының ашылуын Отан соғы-

сының мүгедегі Ескан зор қуанышпен ол Москвадан,

Петропавлдан жаңа хабарлар

Село интеллигенттерінен 70 үйге репр



СУРЕТТЕ: Ленин атындағы мектептің оқушылары Гая Кузнецова және Рай Усманова мектептің оқу залында. Суретті түсірген Г. Бредигин.

Аңшының олжасы

Әубәкіров Қапар — Петропавл ауданындағы Киров атындағы колхоздың мүшесі. Ол кәзір 70 жаста. Соңғы 20 жыл бойына ол аң аулау ісімен шұғылдануда. Үстіміздегі қыста ол 50-ден астам түлкі соғып, олардың терісін шикізат дайындау орындарына тапсырды.

ИЯ ОҚУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ТҮЛҒА

партия комитеті колхоздардағы, совхоздар мен МТС-андары насихатшыларының бескүндік семинарын өткізіулеріне теориялық және методикалық тақырыптарда аң редакциясы семинарға қатысқан бір топ насихатшы өткізу, сабаққа даярлану, тыңдаушылармен жұмыс іні айтуды өтінді. насихатшыларға сөз беріп отырмыз.

Таспырма беру туралы

стырудағы не- тапсырма бер- шылар екі са- ық материал- ұғым, бағыт н материаллы істеу арқылы

йге берілетін мен, оны әрбір рай берумен ылу жолын то- ымен де іе біт- ің орындалуы

е үйге беріле- жоспарлануына а әңгіменің беру үшін ар

Тыңдаушы- арканизм-ленин- рін және бас- қалай оқу спекті жазу

керек екенін түсіндіремін. Жоғарғы білімі бар тыңдаушылардан, әсіресе, Ленин және Сталин шығармаларын неғұрлым терең үйренуді талап етемін.

Келесі сабақта үйге берілетін тапсырманы кімнің қалай орындағанын міндетті түрде тексеріп, қорытынды жасаймын. Кемшіліктері болса, оны жоюдың жолдарын тағы да ескертемін. Осының нәтижесінде мен басқарған үйірменің тыңдаушылары үйге берілген тапсырманы оқшаан мүлтіксіз орындауға дауды ланып жүр.

Будаев ауданы, «Страна Советов» колхозындағы мен басқаратын үйірме тыңдаушыларына үйге тапсырма осылай беріледі.

Үйге берілетін тапсырманы тұрмыс ұйымдастыру әдісін барған сайын жетілдіре отырып, тыңдаушылардың марксизм-лениндік-лениндік ғылымды терең үйренуіне жетісейік.

3. ЫБРАЕВ,

Жоғары типті үйірме насихатшысы.

Тыс уақыттағы жұмыс

ын кластағы сабақтан тыс ініше жақсарт- жетеді. Сабақ- ы тыңдаушы-

конспект жасау жөнінде түсінік беру қажет.

Тыңдаушылардың тілегі бойынша марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары жөнінде сабақтан тыс уақытта

Семинар — насихатшы-ларға зор көмек

Насихатшылардың тұрақты семинарлары олардың теориялық және методикалық білімдерін байытып, үйірменің сабағын идеялық жоғарғы дәрежеде өткізуге тікелей көмек болып келеді.

Мен 1950 жылдың жазында облыстық партия комитетінің жанындағы насихатшылардың брайлық курсінде болдым. Онда партия насихатынан тәжірибелері мол адамдар лекция оқып, баяндама жасады.

Бұл семинарда алған білімім менің партия оқуының жүйесіндегі үйірменің өткен оқығы сабақтарын ойдағыдай ұйымдастыруыма зор үлес қосты. Үйірмедегі 14 тыңдаушының бәрі де қорытынды сабақтарда программалық материалдарды терең үйренгендіктерін байқатты. Олардың ішінен бйылы Орлов жолдас аудандық партия комитетінің штаттағы насихатшылығына ұсынылды.

Алайда, дұрысын айту керек, кейде, әсіресе, аудандық партия комитеті ұйымдастырған семинарлар ойдағыдай өтпейді. Бір мысал: бйылы аудандық партия комитеті жаңа оқу жылы басталар алдында насихатшылардың семинарын өткізді. Бірақ, кейбір лекторлар мен баяндамашылардың лекциялары мен баяндамалары өз дәрежесінде бола алмады. Мұның себебі аудандық комитет семинарда баяндама жасап, лекция оқыттын адамдарға күнілгері хабарландырып қоймаған. Бұл семинардағы тағы бір кемшілік — өздерінің жұмыс тәжірибелері жөнінде насихатшылардың пікір алысуы ұйымдастырылмауында болды. Оқу жылы басталғалы үш айдан астам уақыт өтті. Ал, аудандық комитет екі ай сайын өткізілетін семинардың мерзімін тағы да ұзаққа созып отыр.

Партия оқуын ұйымдастыруда насихатшыларға зор талаптар қойылады. Сондықтан насихатшылардың теориялық жа-

Сын және библиография

Жас ақынның жырлары

Тілі жана шығып келе жатқан баланы, жаңбырдан кейін желкілдеп жарыса шыққан егінді, жапырақтары судырап, бойлап өсіп келе жатқан жас қайыңды көргенде еріксіз жымыйып күлесіз, өзіңізден өзіңіз қуанасыз. Баланың мектепке баруын, жігіт болып, жоғары дәрежелі білім алуын арман етесіз, жоспарлайсыз. Көкбояқтай егінің әлі де өсіп, дән төгіп, теңізше толқып пісуін асыға күтесіз. Жас қайыңнан болашақ құрылысқа жарарлықтай бөрене болса екен деп тілейсіз.

Осы сыяқты, көркем әдебиет дүниесіне енді-енді араласа бастаған жас жазушы, жас ақынның алғашқы жыйнағын көріп оқығанда да еңбек шашы желкілдеген бөбекті, көкбояқ егін мен жас қайыңды көргендегідей сезім сізді билей бастайды.

1951 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан жас ақын Аманжол Шәмкеновтың «Студент сыры» атты өлеңдер жыйнағын қолға алып таныса бастағанда да сіздің басыңызға жоғарыдағыдай ойлар келіп, «қалай жазылды екен?» деп ойлай бастайсыз.

Жыйнаққа жақсы-жақсы өлеңдер енгізілген деп оқушылар жұртшылығын алдын-ала қуандыруға болады.

Көсемдеріміз Ленин мен Сталин — жаңа заманның басы, еңбек қуанышы мен творчестволық шабыттың қайнар көзі. Еліміздегі халықтардың бақыты мен бостандығы, өмірде совет жастарына сайраған даңғыл жол мен үлкендерге көрсетіліп отырған құрмет-қошемет Ленин және Сталин есімдерімен тығыз байланысты. Миллиондаған совет адамдарының бірі, совет өкметі дәуірінде туып-өсіп, оқып, университеттік білім алғандардың бірі жас ақын Аманжол Шәмкенов. Сондықтан өзінің жақсы сезімдерін өлеңмен білдіріп, оның алғашқы жырын ұстаздарымыз, әкелеріміз Ленин мен Сталинге арнауы табиғи нәрсе.

Аманжолды Ленинмен, Лениннің суретімен алғаш таныстырушы ақынның анасы болды. Ал Шәмкеновтың «Студент сыры»

да ол туған колхозын сүйіспеншілікпен сөске түсіреді.

Маған бақыт құлпырғанын, күлгенің, Сеніменен жайнай түсер күндерім. Ұшан-теңіз саған деген махаббат, Мен өзіңмен мәңгі-бақи біргемін.

Аманжол елдің, колхоздың әлеуметтік өміріне белсене араласпай жақсы өлең жазу мүмкін емес екендігін түсінеді. Жұлдыздың жымыны мен айдың қалқуына, жапырақтың сындырына ол еліктей алмайды. Партия оны оған үйреткен жоқ. Одан халық та өмірдің болмашы жақтарымен әуестенуді талап етпейді. Ол болашақ совет ақыны. Аманжолды тек сүйікті Отанымыздың игілігіне тікелей қатысы бар әлеуметтік мәселелер ғана толқыта алады, әлеуметтік мәселелер ғана оның талантын тұтатып, қиялын шарықтатып, жырына қорек, нәр бере алады.

Жарық жұлдыз, нұрлы ай, сылдырап аққан өзен, ісі жұпар аңқыған жапырақ та жақсы көрініс, табығат көркі. Бірақ, ол азаматтың, ақынның Отанға деген сүйіспеншілігінің орнын баса алмайды, өйткені, азамат пен ақынның бақыты, қуанышы, болашағы Отанға, Отанның тәуелсіздігі мен экономикалық қуатына байланысты. Совет ақыны мен совет азаматында социалистік Отан тілегінен, совет халықтары тілегінен жоғары, артық, бөтен тілек жоқ. Сондықтан ақынның, азаматтың социалистік Отанға, колхозға деген сүйіспеншілігі шексіз, мәңгілік. Міне, осы себепті:

Жыр етпеймін көктің жұлдыз күн, айын. Уақытымды босқа өткізіп тұрмаймын:

Айдың шалқар дариясы еңбектің — Қызыл тулы колхозымды жырлаймын, — деген шумақты оқып, қуанышқа ақынмен бірге ортақ боласыз.

Шәмкенов жолдастың «Қырман» деген өлеңі де жаңа-жақсы жазылған. Төрт шумақтан құралған бұл өлеңді оқығанда

(Булаев ауданы) және О. Кордюевич (Совет ауданы) семинарға дайындалу үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Аудандық партия кабинеті қажетті әдебиеттермен және көрнекі құралдармен қамтамасыз етуде насихатшыларға көп

Д. ШИРОКОВ,
Шағыл МТС партия ұйымының
жанындағы үйірменің насихатшысы.

вет ауданы) және М. Атығаев (Петропавл қаласы) семинарға дайындалу үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Менің сабақ өткізудегі тәжірибем

«БК(б)П тарихының қысқаша курсін» үйренетін негізгі типті үйірменің сабағын ұйымдастыруда насихатшының тәжірибесі мен тыңдаушылардың құрамына және материалдың мазмұнына қарай түрлі әдістер қолданылуы мүмкін. Ол әдістерді мынадай деп кесіп айту қиын, дегенмен өзімнің сабақ өткізудегі кейбір тәжірибелерімді айтып, басқа жолдастармен пікір алысқым келеді.

Мен сабаққа әзірленгенде және оны өткізгенде тыңдаушылардың білім дәрежесін еске аламын. Өйткені, олар білімі жағынан біркелкі емес, кейбіреулерінің орта дәрежелі білімі бар, ал, көпшілігінің білімі ортадан төмен. Демек, сабақтың тыңдаушылардың біріне жеңіл болуы, екіншісіне қиын болуы мүмкін. Сондықтан материалдың қайсысына болса да ұғымды болуын қарастырамын.

Сабақты жәрәміз делінің жүрген «сұрақ-жауап әдісімен емес, әңгіме ретінде өткіземін. Тәжірибе әңгіменің ең жақсы әдісі екенін көрсетеді.

Үйірменің сабағы екі бөлімнен құралады. Бірінші сабақта өткендегі материалдарды пысықтау үшін әңгіме өткізіледі. Мұнда әрбір тыңдаушының талқылауға қойылған әрбір мәселені терең түсінуіне, оны кәзіргі өмірдің фактілеріне байланыстырып дәлелдеуіне назар саламын. Тыңдаушылардың мәселені кітап, болмаса конспект негізінде сөзбе-сөз айтып беруіне жол бермеуді қарастырамын. Әңгімеде сөз сөйлеуші әрбір тыңдаушыға өзінің ойын толық аяқтауға мүмкіншілік беруді қарастырамын. Егер ол сөзінде

қате жіберсе, не түсініксіз ұғым берсе, оны басқа бір тыңдаушы түзетеді.

Әңгімеде қойылған барлық сұрақтарды тыңдаушылар әбден талқылап болғаннан соң оны жыйнақтаймыз. Сөйтіп, тыңдаушылардың назарын талқыланған тақырыптың басты мәселелеріне тағы аударып, кімнің сабаққа қалай даярланғанын, кімнің материалды жақсы ұғынғанын айтамын, кімнің әлі де болса бұл тақырыпты тағы қайталауы қажет екенін ескертемін.

Екінші сабақта күнілгері жасалған жоспар-конспект бойынша жаңа тақырыптың мазмұнын түсіндіремін. Мұнда жаңа сабақтың ең негізгі идеясын, күрделі мәселелерін жете түсіндіру және бұл жөнінде тыңдаушыларға өздігінен жұмыс істеу үшін тиісті бағыт беру мақсатын қоямын. Теориялық қағидаларды терең түсіндіру үшін қажетті жағдайларда марксизм-ленинизм классиктерінің жеке еңбектерінен цитаттар келтіремін. Материалды тыңдаушылардың біліміне қарай ұғымды тілмен түсіндіруге тырысамын. Әңгіме түсінікті болу үшін географиялық карта және басқа көрнекі құралдарды, цифрларды, фактілерді пайдаланамын. Сабақта географиялық картаны, түрлі альбомдарды дұрыс пайдалана білу—сабақты ойдағыдай өткізудің негізгі шарттарының бірі.

Меніңше, әңгіменің мазмұнын күнілгері жасалған конспект бойынша түсіндіру қажет. Алайда, насихатшы сабақ үстінде конспектті сыдыртып оқып шығумен тынбауы керек, материалдың маз-

мұнын өз сөзімен айтып беру дұрыс. Өйткені, конспектіден көз алмай сөйлеу тыңдаушыларды жалықтырады, олардың ынтасын кемітеді.

Әңгіменің соңында тыңдаушылардың сұрақтарына жауап беремін. Тыңдаушылар сұрақты неғұрлым көп қойса, бұл насихатшының әңгімесі оларға әсерлі болғанын көрсетеді.

Үйірменің соңғы бір сабағының ұйымдастырылуын айтайын. Бұл сабақтың бірінші сағаты «Қысқаша курстің» үшінші тарауының VI тақырыпшасына арналады. Сабақта материалды пысықтау әңгімесі болды. Тыңдаушылардың талқылауына мына мәселелер қойылды. 1) Революцияның бәсеңдеп бара жатқан жағдайында большевиктердің думадағы тактикасы, 2) Партияның V-съезі және оның тарихи маңызы, 3) Орыстың бірінші революциясының жеңілу себептері, 4) Орыстың бірінші революциясының тарихи маңызы.

Бірінші мәселе бойынша сөйлеген тыңдаушы инженер Ласкоржевский жолдас большевиктер II думаға қатысуды қажет деп тапқанын, бұл думаны большевиктердің революция мүддесі үшін пайдаланғанын айтып, жеке фактілер және Ленин мен Сталиннің большевиктік партияның тактикалық негізі болған еңбектерінен цитаттар келтірді.

Жаңа сабақтағы әңгіме «Қысқаша курстің» IV тарауының бірінші тақырыпшасы туралы болды. Бұл әңгімеде, алдымен, IV тарау бойынша жалпы сы-

паттама бердім. 1908—1912 жылдар большевиктік партияның тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі болғанына тоқталып, бұл кезде большевиктердің жаңа типті марксистік дербес партиясы қалыптасып құрылғанын, реакцияның ауыр күндерінде жұмысшы партиясының революциялық принциптерін большевиктердің сақтап қалғанын айттым.

Мұнан кейін тыңдаушыларға IV тарау бойынша 12 рет сабақ өтетінін және ол сабақтардың жоспарын хабарладым. Осыдан соң тараудың бірінші тақырыпшасы бойынша әңгімеге кірістім.

Әңгімеде реакция жылдары кезіндегі елдің саяси жағдайын, бұл жылдарда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында болған өзгерістерді айтып, мұның өзі тап қайшылықтарын бұрынғыдан да күшейткенін, ол қайшылықтар сөзсіз революцияны тездететініне тоқталдым.

Жоспарда көрсетілген негізгі мәселелерді толық түсіндіре келіп, әңгіменің соңында тыңдаушылардың назарын В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің теориялық еңбектерінің орасан зор маңызына аудардым, бұл еңбектердің, әсіресе, кәзір идеологиялық жұмыстың дәрежесін оған әрі көтеру міндеті қойылып отырған кезде большевиктік партияның қуатты құралы болып отырғанын көрсеттім.

С. ҚАСЫМОВ,
Жыл шаруашылығы бөлімі «БК(б)П тарихының қысқаша курсін» үйренетін негізгі типті үйірменің насихатшысы.

кіл Дүниежүзілік Бей Ундеуіне қол қоюды мазмұндама жариял Бейбітшілік Шартын деуге қол қою наука жылдың 1 январына миллион 302 мың 298 соның ішінде елдерді Албания —855.885, А Германия — (ремиль және бітім шартын халық пікірін сұрау) мың, Аргентина — 3 —90 мың, Австрия— 409.092, Бирма —129 Бразилия —3 миллион 627 мың, Канад 500 мың, Қытай — 3 Кипр —103.824, Колу рея—7 миллион 47 м —34 мың, Куба—850

ХАЛЫҚ АР
ПХЕНЬЯН, 4 январ
Халық-Демократиялық
армиясының Бас
январь күні былай д
Корей Халық арми
қытай халық еріктіле
лесе тығыз қыймыл
рыңғы алып тұрған
жүргізіп, американ-ар
ры мен лисыманшы.

«УДАРНИК» «и
«БОЛАТ С
Сеанстар сағат 12,
лады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері— 1-33-2, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—0-22, газет табыс етілмес